

Ғ"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 ақпан N 207

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне
өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің
1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды
деп тану туралы**

Қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мәселелері" туралы 1996 жылғы 3 маусымдағы N 3 0 1 2

ө к і м і н е :

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

аталған өкімге қосымшадағы "Есеп комитетінің хатшылығы" деген жолда "хатшылығы" деген сөз "аппараты" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласында қалалық және аудандық соттар құру, Ақмола қалалық сотын тарату және Қазақстан Республикасы судьяларының санын ұлғайту туралы" 1998 жылғы 11 шілдедегі N 4010 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 23, 196-құжат):

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы"

1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,
1999 ж., N 1, 2-құжат):

аталған Жарлыққа 1-қосымшада:
"Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараты" деген жолдағы "
292" деген сан "357" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі 325" деген жол мынадай
редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі 331
оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Президентінің
"Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнайы
өкілінің аппараты 6";

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің
аппараты" деген жолдағы "14" деген сан "31" деген санмен ауыстырылсын;
аталған Жарлыққа 3-қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда
жазылсын;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің құрылымы, штат саны және Қазақстан Республикасы Президентінің
қызметін қамтамасыз ететін органдар мен лауазымды адамдардың тізбесі туралы" 1999
жылғы 24 наурыздағы N 89 Жарлығына:

1-тармақ алынып тасталсын;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің құрылымы, штат саны және Қазақстан Республикасы Президентінің
қызметін қамтамасыз ететін органдар мен лауазымды адамдардың тізбесі туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 наурыздағы N 89 Жарлығына
өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 12 мамырдағы N 391 Жарлығына:

1-тармақ алынып тасталсын;

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық), облыстық және оларға теңестірілген соттарындағы судьялардың жалпы саны туралы" 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды деп
танылсын.

3. Осы Жарлық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы "___" _____ N ___
Жарлығына

"Қазақстан Республикасы
Президентінің
1999 жылғы 22 қаңтардағы
№ 29 Жарлығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы
Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті штат санының лимиті

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы
Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті 64

Облыстардағы, Астана қаласындағы, Алматы қаласындағы
әкімшілер 1745

Қазақстан Республикасы соттарының штат санының лимиті

	Соттардың атауы		Жалпы штат	
	саны	судьялар		Оның ішінде
соттар	Облыстық 1467	және 531	оларға	теңестірілген
соттар	Аудандық 6100	және 1592".	оларға	теңестірілген